

**«Арбиген жалпы орта білім беру мектебі» КММ-де
Мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша
педкеңес отырысының хаттамасы**

Жиналыс бастығы: Ахмет Г.

Жиналыс хатшысы: Смайханова Б.К.

Күні: «30» қаңтар 2026 ж.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Мемлекеттік қорытынды аттестаттау – 2026»

Күн тәртібінде:

1. 9 -сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу ережелерімен таныстыру.
2. «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» алу үміткерлеріне қойылатын талаптар.

1. Тыңдалды:

Мектеп директоры Ахмет Гаухар - мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың нормативтік құжаттарымен таныстырды. 9-сыныптар үшін (ана тілі, алгебра, орыс тілі, таңдау пәні бойынша қазақ әдебиеті). Оқушылар өздері таңдауы бойынша пәнді қазақ әдебиетін таңдады. Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімі 9 сынып оқушылары үшін мынандай мерзімде беркітілген:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 29 мамыр;
- 2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан қазақ әдебиеті-2026 жылғы 3 маусым;
- 3) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 8 маусым;
- 4) орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан -2026 жылғы 11 маусым;

Мемлекеттік қорытында аттестаттау бойынша комиссия құрылып, бұйрық шығарылды. Консультация кестесі құрылып бекітілген, сол бойынша пән мұғалімдері консультация өткізесіздер. Оқушылардың консультацияға келуін сынып жетекшісі қадағалау керек. Жыл бойы оқушыларға пән мұғалімдері ББЖМ-ға дайындық жүргізді. Тест ссылқалары арқылы тестер алынды, нәтиже жақсы. Оқушылар өз білімдеріне сәйкес көрсете білді.Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындықты күшейту керек.

2. Тыңдалды:

Оқу ісінің меңгерушісі Мусанова Қайырпану - 9 сыныпта «Үздік аттестат» алу үшін 5-9 сыныптарда жылдық бағалары «5» деген баға болу керек. «Алтын белгіге» бітіру үшін оқу үлгерімінің «5» (өте жақсы) болуы, сондай-ақ 11-сыныпта «Үздік аттестат» үшін 10-11 сыныптардың барлық тоқсандық және жылдық бағалары «5» болуы шарт екенін еске салды. Биылғы оқу жылында біздің мектепте 11 сынып бітіретін оқушылар жоқ.

Жоң сөз сөйледі:

1. Математика пәнінің мұғалімі Нурсентова Гульжанат – 9 сыныпта 3 оқушы, оқулары жақсы. Оқу жылының басынан бастап ББЖМ-ға консультация кестесі бойынша қосымша жұмыстар өткізіп дайындадым. Тест нәтижелері жақсы.
2. Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Рахметова Гульназира - консультация кестесі бойынша оқушылармен қосымша жұмыстар өткізіліп мониторинг жасалады.

Шешім қабылданды:

1. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау ережелері пән мұғалімдеріне таныстырылды, назарға алынды.
2. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындық жоғары деңгейде өткізілсін..

Жиналыс бастығы: _____ Ахмет Г.

Жиналыс хатшысы: _____ Смайлханова Б.К.